

© КОЛЛЕКТИВ АВТОРОВ, 2017

УДК 61(07)

М. Т. Кожамуратов, Ж. Мутайхан, А. А. Тайшыкова, Ж.Б. Нуртазина, К. Скак

ФТИЗИАТРИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ИНТЕРНДЕРДІ КРЕДИТТІ ТЕХНОЛОГИЯМЕН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУЫН ТАЛДАУ

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті, Фтизиатрия кафедрасы (Қарағанды, Қазақстан)

Мақалада 6 және 7 курс интерндеріне кредитті технология оқыту үрдісін енгізудің тиімділігі зерттеліп, нәтижесінде кредитті технология үрдісінің арқасында интерндердің тәжірибелік жұмыстары біршама жақсарып, интерндердің өздігінен жұмыс жүргізу кезінде өзіне деген сенімділіктері артып, клиникалық ойлау қабілеттері дамиды. Олардың клиникалық дағдыларды көп меңгеретіндіктерін және еркін клиникалық жұмыс жасауларына жол ашылатынын байқадық.

Кілт сөздер: оқытудың кредиттік технологиясы, фтизиатрия, қорытынды бақылау

Кредитті технология – білім алу көлемі кредит түрінде есептелетін, оқу үрдісі қатаң жүйелі тәртіппен сақталған, ерекшелендіру түрінде шығармашылық білімін меңгеруің және өздігінен білім алу деңгейін шыңдау білімберу технологиясы болып табылады. Кредитті жүйеде студенттердің өздігінен жұмыс жасауы, жүйелі білімді, іскерлікті, дағдыны белсенді меңгеруі қарастырылған. Осы оқып-білу іс-әрекеттерінің арқасында кәсіби танып-білуі, қызығушылықтары дамиды. Кредитті технологиямен пәнді оқыту кезінде мәселелер туады, өйткені онда білім алушы оқытушымен бірге дайындалуынан көрі өздігінен оқып дайындалуы басым болып келеді [1, 4].

Қазіргі кезде кредитті технологиялық оқыту әдісі Қазақстанның жоғары медициналық оқу орындарында да қолданып келеді. Бұл медицина бағытындағы мамандардың үнемі кәсіби біліктілігін заманауи медицина бағытына сай жетілтіріп отырулары міндетті [5].

Кредитті технологияны енгізу кезінде СӨЖ бен (студенттердің өзіндік жұмысымен) қатар ОСӨЖ (оқытушының жетекшілігімен студенттердің өзіндік жұмысы) пайда болды [2].

Қазақстанның медициналық жоғары оқу орындарында фтизиатрия пәнің оқытудың мәселесі тәжірибедегі фтизиатрия жұмысының түрлерінің өзгеріп отыруына байланысты болып келеді. Оқыту үрдісі өкпе туберкулез ауруының көптеген бағыттары ретінде өзгерістерге ұшыраған пікірлерді ескеруді талап етеді, өйткені оқытудың мағынасы денсаулықсақтаудың сұранымына және заманауи медицина ғылымдарының табыстарына сәйкес болғаны дұрыс. Тәжірибелік сабақтар мен дәрістерде еліміздегі туберкулезге қарсы күресуді ұйымдастыру жүйесіне және сауалдарына көп назар аударады. Білім алушыларды оқыту кезінде

туберкулезге қарсы күресудің ұлттық бағдарламасы Дүниежүзілік денсаулықсақтау ұйымы стратегиясы бойынша өткізілетінін түсіндіру керек [3].

Зерттеудің негізгі мақсаты ретінде кредитті технология оқытуының тиімділігі мен оқыту кезіндегі интерндердің қорытынды бағаларының талдауы қарастырылды.

Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің фтизиатрия кафедрасында кредитті оқыту технологиясы 2014-2015 оқу жылынан бастап қолданылып келеді.

Фтизиатрия пәні бойынша интерндерді кредитті технологиямен оқыту жүйесі 6, 7, курс «жалпы медицина» мамандықтарына жүргізіледі. Оқу үрдісі 6 курс «жалпы медицина» мамандығы бойынша 2 дайындау бағытына, яғни П (педиатрия) және ІА (ішкі аурулар) бағытына өткізіледі. 7 курс ЖДТ (жалпы дәрігерлік тәжірибе) дайындау бағытындағы интерндерге оқыту үрдісі жүргізіледі. Интерндерді оқыту көлемі барлық 6,7, курс «жалпы медицина» мамандықтарында бірдей, яғни 4 кредит, 180 сағат, оның 60 сағаты тәжірибелік сабақ, 60 сағаты ОСӨЖ, 60 сағаты СӨЖ.

ОСӨЖ кезінде интерндер әр дайындау бағыттары бойынша, яғни педиатрия дайындау бағыттарының интерндері облыстық туберкулезге қарсы диспансердің балалар мен жасөспірімдер бөлімшесінде оқытушының қадағалауымен өз беттерімен науқастарға курация жасап, науқастардың медициналық карталарын толтырады. Сонымен қатар дәрігерлердің бөлімшелік кеңестеріне, таңғы конференцияларына қатысып отырады.

ІА дайындау бағытындағы интерндер облыстық туберкулезге қарсы диспансердің жаңа анықталған және қайталанған бацилла бөлгіштігі тоқтаған науқастармен жұмыс жасайды. Онда мұғалімнің қадағалауымен

Медицинское и фармацевтическое образование

бөлімшедегі науқастарға өз беттерімен курация жасап, олардың ауру тарихтарына күнделіктерді, этапты, ауыстыру және шығару эпикриздерін толтырып отырады. Сонымен қатар күнделікті дәрігерлердің таңғы конференцияларына, дәрігерлердің кеңестеріне, дәрігерлердің патолого-анатомиялық конференцияларына, бөлім меңгерушісі мен кафедра доцентінің науқастарды қарап шығуына қатысты.

7 курс жалпы тәжірибелік дайындау бағытындағы интерндер мұғалімнің қадағалауымен облыстық туберкулезге қарсы диспансердің №1 және №2 диспансерлік бөлімшелеріндегі амбулаториялық науқастармен жұмыс жасайды. Онда диагностикалық, емделіп жатқан науқастарды бақылау, емдік жұмыстарына, туберкулезді алдын алу жұмыстарына қатысып құжаттарды толтырып отырады.

Өздігінен жұмыс жүргізу кезінде интерндердің өзіне деген сенімділіктері артып, клиникалық ойлау қабілеттері дамиды. Осы айтылған жұмыстар кредитті технологиялық оқыту үрдісінің қолға алуынан кеңінен қолданылып келе жатыр. Осы кредитті оқыту үрдісінің арқасында интерндердің тәжірибелік жұмыстарының біршама жақсарғандығын көруге болады. Осы мақсатта кері байланыс ретінде интерндерден анкета арқылы және ауызша жауап ретінде кредитті технологиялық оқытудың жағымды жауаптар көп алдық, яғни бұл оқыту үрдісі интерндерге де тиімді екенің көреміз. Олардың жауаптарында клиникалық дағдыларды көп меңгеретіндіктерін, еркін клиникалық жұмыс жасауларына жол ашылғандықтары айтылған.

Кредитті технологиялық оқыту кезіндегі фтизиатрия пәні бойынша интерндердің қорытынды бағаларын талдау үшін 2011-2012

оқу жылынан 2014-2015 оқу жылына дейінгі кафедраның оқу жылдық есептері қарастырылды. Мұнда қорытынды бағалары 1 кезеңді, компьютерлі тестілеу арқылы жүргізілген, салыстыруға сәйкес. Ал 2015-2016 оқу жылында қорытынды бағалары 2 кезеңді, компьютерлі тестілеу және клиникалық дағдыны тапсыру арқылы жүргізілген, яғни салыстыруға сәйкессіз. Мұнда 2011-2012 оқу жылының 6 курс педиатрия мамандығының интерндерінің, 2011-2013 оқу жылдарының емдеу ісі мамандығының 7 курс ЖТД (жалпы тәжірибелік дәрігер) дайындау бағытындағы интерндерінің, 2012-2015 оқу жылдарының жалпы медицина мамандығының 6 курс педиатрия және 7 курс жалпы дәрігерлік тәжірибе дайындау бағытындағы интерндерінің бағалары алынған. ІА бойынша 2012-2015 оқу жылдарындағы барлығы да 6 курс жалпы медицина мамандығының ішкі аурулар дайындау бағытындағы интерндерінің бағалары алынған.

Жоғарыдағы кестеде 2011 жылдан 2014 оқу жылына дейінгі дәстүрлі оқыту жүйесі мен 2014-2015 оқу жылының кредитті оқыту жүйесі алынған.

Педиатрия мамандығын дайындау барысындағы дәстүрлі оқыту жүйесінің 2011-2014 оқу жылдарындағы бағалары: 80,5%, 78,6%, 80,1%; орташа қорытынды бағасы 79,7% болса, 2014-2015 оқу жылының кредитті оқыту жүйесінің орташа қорытынды бағасы 81,4% болды, яғни кредитті оқыту жүйесінің орташа қорытынды бағасының шамалы болса да жоғары екендігін көрсетті.

ІА дайындау бағытындағы 6 курс интерндердің дәстүрлі оқыту жүйесінің 2012-2014 оқу жылдарындағы бағалары: 78,6%, 82,5%; орташа қорытынды бағасы 80,5% болса, 2014-2015 оқу жылының кредитті оқыту

1 кесте – Фтизиатрия пәні бойынша 2011-2015 жылдардағы интерндердің қорытынды бағалары

Оқу жылдары	Оқыту түрі	Мамандық түрлері					
		П – 6 курс		ІА – 6 курс		ЖТД – 7 курс	
		Интерн саны	Орташа баға	Интерн саны	Орташа баға	Интерн саны	Орташа баға
2011/2012	Дәстүрлі	150	80,5%	-	-	53	75,9%
2012/2013	Дәстүрлі	34	78,6%	127	78,6%	74	78,5%
2013/2014	Дәстүрлі	50	80,1%	270	82,5%	-	-
Жиынтығы	Дәстүрлі	234	79,7%	397	80,5%	127	77,2%
2014/2015	Кредитті	51	81,4%	137	82%	52	74,2%

жүйесінің орташа қорытынды бағасы 82% болды, яғни мұнда да кредитті оқыту жүйесінің орташа қорытынды бағасының шамалы болса да жоғары екендігін көрсетті.

7 курс ЖДТ дайындау бағытындағы интерндердің дәстүрлі оқыту жүйесінің 2011-2013 оқу жылдарындағы бағалары: 75,9%, 78,5%; орташа қорытынды бағасы 77,2% болса, 2014-2015 оқу жылының кредитті оқыту жүйесінің орташа қорытынды бағасы 74,2% болды, яғни мұнда керісінше дәстүрлі оқыту жүйесінің орташа қорытынды бағасының шамалы болса да жоғары екендігін көрсетті.

Сонымен, кредитті технология оқыту үрдісінің арқасында интерндердің тәжірибелік жұмыстары біршама жақсарып, интерндердің өздігінен жұмыс жүргізу кезінде өзіне деген сенімділіктері артып, клиникалық ойлау қабілеттері дамып, олардың клиникалық дағдыларды көп меңгеретіндіктерін және еркін клиникалық жұмыс жасауларына жол ашылатынын байқадық.

ӘДЕБИЕТ

1 Досмагамбетова Р. С. Педагогический процесс в медицинском образовании. – Караганда, 2012. – 130 с.

2 Приказ №152 Министерства образования и науки Республики Казахстан от 20.04.2011 г. «Правила организации учебного процесса по кредитной технологии обучения».

3 Ракишева А. С. Современные технологии преподавания фтизиатрии в вузе // Фтизиопульмонология. – 2012. – №1 (20). – С. 104-106.

4 Турдыбекова К. М. Роль проблемного обучения на занятиях информатики при кредитной системе образования /К. М. Турдыбекова, Д. Р. Бейсенова //Вестн. Карагандинского ун-та. Сер. педагогика. – 2010. – №2 (58). – С. 111.

5 Ходжаян А. Б. Особенности организации эффективной самообразовательной деятельности студентов в медицинском вузе /А. Б. Ходжаян, Н. В. Агранович //Фундаментальные исследования. – 2011. – №11 (1). – С. 149-153.

REFERENCES

1 Dosmagambetova R. S. Pedagogicheski process v medicinskom obrazovanii. – Karaganda, 2012. – 130 s.

2 Prikaz №152 Ministerstva obrazovanija i nauki Respubliki Kazahstan ot 20.04.2011 g. «Pravila organizacii uchebnogo processa po kreditnoj tehnologii obuchenija».

3 Rakisheva A. S. Sovremennye tehnologii prepodavanija ftiziatirii v vuze //Ftiziopul'monologija. – 2012. – №1 (20). – S. 104-106.

4 Turdybekova K. M. Rol' problemnogo obuchenija na zanjatijah informatiki pri kreditnoj sisteme obrazovanija /K. M. Turdybekova, D. R. Bejsenova //Vestn. Karagandinskogo un-ta. Ser. pedagogika. – 2010. – №2 (58). – S. 111.

5 Hodzhajan A. B. Osobennosti organizacii jeffektivnoj samoobrazovatel'noj dejatel'nosti studentov v medicinskom vuze /A. B. Hodzhajan, N. V. Agranovich //Fundamental'nye issledovanija. – 2011. – №11 (1). – S. 149-153.

Поступила 25.01.2017 г.

M. T. Kozhamuratov, Zh. Mutaykhan, A. A. Tayshykova, Zn. B. Nurtazina, K. Skak
ANALYSIS OF THE FINAL KNOWLEDGE CONTROL AND THE CREDIT TECHNOLOGY OF TRAINING INTERNS ON DISCIPLINE «PHTHYSIOLOGY»
Department of phthysiology of Karaganda state medical university (Karaganda, Kazakhstan)

In this article the effectiveness of the education implementation by credit technology at the interns of 7th and 6th courses is studied, as a result, the practical skills of interns has been significantly improved, during an independent work self-confidence is creating and the ability of clinical intellection is developing. Obtained clinical skills create conditions to developing clinical intellection and the ability to independent work.

Key words: credit technology, phthysiology, final control

M. T. Кожамуратов, Ж. Мутайхан, А. А. Тайшыкова, Ж.Б. Нуртазина, К. Скак
АНАЛИЗ ИТОГОВОГО КОНТРОЛЯ И КРЕДИТНОЙ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ ИНТЕРНОВ ПО ДИСЦИПЛИНЕ «ФТИЗИАТРИЯ»
Кафедра фтизиатрии Карагандинского государственного медицинского университета (Караганда, Казахстан)

В статье изучена эффективность внедрения обучения по кредитной технологии интернов 6 и 7 курсов, в результате у интернов значительно улучшились практические навыки. При проведении самостоятельной работы у студентов наблюдается уверенность в себе и развитие способностей клинического мышления. Приобретенные клинические навыки создают условия к развитию клинического мышления и способности к самостоятельной работе.

Ключевые слова: кредитная технология обучения, фтизиатрия, итоговый контроль